



КІРІСПЕ СӘЗ



2005 жыл Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры үшін ерекше болды. Алматыда әлемнің 26 елінің қаржылық топтары өкілдерінің қатысуымен Халықаралық конференция өтті; «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндettі кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жасалды, депозиттерге міндettі кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер үшін міндettі күнтізбелік журналардың дифференциалдық ставкаларының әдіstemесі жасалды; қатысушы банк - «Наурыз Банк Қазақстан» акционерлік қоғамының мәжбүрлеп таратылуы салдарынан салымшыларға кепілдік берілген

етемді төлеуге өзіrlік жұмыстары жүргізілді.

Жыл қорытындысы Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігі жоғары екенін көрсетті. Банктерде жеке тұлғалар депозиттерінің тұрақты өсуі байқалады. Кепілдік берілген депозиттердің үлесі өсе түсуде. Халықтың депозиттерге кепілдік беру жүйесі қызметінің мәселелеріне бағыт-бағдар алу деңгейі арта түсуде.

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық ассоциациясына (IADI) қатысу шеңберінде халықаралық практика мен стандарттардың жетістіктерін ескере отырып Қордың шетелдік үйымдармен ынтымақтастыры Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеу жолдарын жетілдіру үшін тиімді тәжірибе алмасуына жәрдемдеседі.

Қордың Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамыту жөніндегі бастамаларына ықылас білдіріп, қолдау көрсеткені үшін барлық әріптестеріме алғыс айтып, ризашылығымды білдіремін.

Құрметпен,

Бақыт Мәженоға,
Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының Бас директоры



ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

IADI

Депозиттерді Сақтандыру Жүйелерінің Халықаралық Ассоциациясы
(International Association of Deposit Insurers)

AAK

Азиялық Аймақтық Комитеті

EAAK

Еуразиялық Аймақтық Комитеті

Қаржы Қадағалау

Қазақстан Республикасының қаржырыногын және

Агенттігі

қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі

Қор

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

Ұлттық Банк

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



МАЗМҰНЫ

Кіріспе сез	1
Қордың ұйымдық құрылымы	4
Қатысушы банктер.....	5
Кепілдік берілген депозиттер.....	6
Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерві.....	7
Қордың активтері.....	8
Кепілдік берілген өтем.....	9
Салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу.....	9
Жүртшылықты хабардар ету.....	10
Халықаралық ынтымақтастық.....	11
Қордың даму болашағы.....	15
Қаржылық есептілік.....	16



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Акционер

Ұлттық Банк

Директорлар кенесі

- Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары
- Қаржы Қадағалау Агенттігі Төрағасының орынбасары
- Қаржы министрлігінің вице-министрі
- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастырының өкілі
- Қордың Бас директоры

Консультациялық
Кенес

Қатысушы банктердің өкілдері:

- «Альянс Банк» АҚ
- «АТФ Банк» АҚ
- «Банк Каспийский» АҚ
- «ТұранӘлем Банкі» АҚ
- «Банк ЦентрКредит» АҚ
- «Казкоммерцбанк» АҚ
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
- ЕАБ «ABN AMRO Банк Қазақстан» АҚ

Қордың бөлімдері

- Әдістеме және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі
- Проблемалы банктермен жұмыс бөлімі
- Банктердің статистикасы және талдау бөлімі
- Қаржы-әкімшілік бөлімі



ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі міндетті нәрсе: уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге берген лицензиясын алғаннан кейін банк Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне кіру үшін Қорға өтініш, уәкілетті органның жағымды қорытындысын, депозит саясатын, сондай-ақ тартылған депозиттер бойынша және ол бойынша Қорға өтініш берген күнгі сыйақы ставкалары бойынша мәліметтер тапсырады. Дұрыс шешім қабылданған жағдайда Қор банкпен шарт жасасып, Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысуши куәлігін береді.

Қатысуши банк Қорға тоқсан сайын міндетті құнтізбелік жарналар төлеп тұруға міндетті. Ол кепілдік берілетін депозиттер сомасына қарай пайызбен есептеледі. Бұл орайда Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің екі жылдан астам уақыт бойында қатысуышы болып табылатын банктер 0,16%, ал қатысуши болғанына екі жылдан аспаған уақыт көлеміндегі банктер 0,25% жарна төлейді. Құнтізбелік жарналар кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервіне жинақталады.

Қатысуши банк мәжбүрлеп немесе ерікті түрде таратылған жағдайда ол Депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығарылады. Сонымен қатар Қор қатысуши банктің жеке тұлғалардың депозиттерді қабылдауға, олардың банк шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясын қайтарылып алынған жағдайда, не банк Қормен жасасылған қатысу шартының міндеттемелерін үздіксіз бұзып келген жағдайда оны Депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығара алады.

2005 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда екінші деңгейдегі 35 банк жұмыс істеді. Оның ішінде 34 банк Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысуышы болды. Желтоқсан айында мәжбүрлеп таратылуы салдарынан «Наурыз Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы Депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығарылды.

2005 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша
Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысуши банктердің
TİZİMİ

1. «АЛЬЯНС БАНКІ» АҚ	17. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫҚ БАНКІ» АҚ
2. «АТФБАНК» АҚ	18. «ҚАЗАҚСТАН-ЗИРААТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
3. «БАНК «КАСПИЙСКИЙ» АҚ	19. «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
4. «ТҰРАНӘЛЕМБАНКІ» АҚ	20. «ҚАЗИНВЕСТБАНКІ» АҚ
5. «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ	21. «ҚАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ
6. «ВАЛЮТ-ТРАНЗИТ БАНК» АҚ	22. «АЛМА-АТА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
7. «ДАНАБАНК» АҚ	23. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
8. «ДЕМИР ҚАЗАҚСТАН БАНК» АҚ	24. «НЕФТЕБАНК» АҚ
9. «ЕНШІЛЕС АКЦИОНЕРЛІК БАНК	25. «НҮРБАНК» АҚ
«АВН AMRO БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ	26. «СЕНИМ-БАНК» АҚ
10. «АЛЬФА-БАНК» ЕНШІЛЕС БАНК» АҚ	27. «СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
11. «ЕНШІЛЕС БАНК «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» АҚ	28. «БІРЛЕСКЕН БАНК «ЛАРИБА-БАНК» АҚ
12. «ПАКІСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕНШІЛЕС БАНКІ АҚ	29. «ТЕМІРБАНК» АҚ
13. «ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ» ЕНШІЛЕС БАНК АҚ	30. «ТЕХАКАВАНК» АҚ
14. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ	31. «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ САУДА-ӨНЕРКӨСІП БАНКІ» АҚ
15. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ	32. «ЦЕСНАБАНК» АҚ
16. «ЗАМАН-БАНК» АҚ	33. «HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ДЕПОЗИТТЕР


ЗандараЊа сәйкес Қор қатысушы банктің жеке тұлғаларының мынадай депозиттеріне кепілдік береді:

- 7 миллион теңгеге (олардың шетел валютасымен баламасына) дейін мөрзімдік және шартты депозиттеріне;
- талап ету бойынша алынатын депозиттерге;
- ағымдағы және карт-есепшоттардағы ақша қалдығы.

Жеке тұлғалардың мөлшері 7 миллион теңге (оның шетел валютасымен баламасы) және одан көп болатын депозиттері, банктің бірінші басшыларының және олардың жақын туыстарының, сондай-ақ акциялардың 5% және одан көп даусы бар акцияларын иеленетін акционерлердің және олардың жақын туыстарының депозиттеріне кепілдік жасалмайды.

Диаграммада Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалар депозиттерінің өсу серпіні көрсетілген. Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеген 6 жыл ішінде кепілдік берілген депозиттердің, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерінің сомасы тұтас алғанда 11 рет өскен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІНДЕГІ
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ ӨСҮ СЕРПІНІ
млрд теңге



■ Кепілді депозиттер

■ Депозиттердің барлығы



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ РЕЗЕРВІ

Қаржыландыру механизмі қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қордың кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерві жинақтауына негізделген. Бұл резерв қатысушы банктің күнтізбелік жарналарынан, Қордың активтерді орналастырудан түсетін таза табысынан, қатысушы банктердің жарналарды уақтылы немесе толық төлемегені үшін алынатын өсімпұлыштан, қатысушы банктерге салынатын айыппұлдардан; мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің төленген кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақшадан құралады.

Өтем төлейтін арнайы резерв жетпеген жағдайда жарғылық капиталдың қаржысын (жарғылық капиталдың қаржысының 50%-на дейінгі мөлшерде), сондай-ақ қатысушы банктердің қосымша немесе төтенше жарналарын пайдалануға болады. Жарналардың соңғы түрі Қор салымшыларға өтем төлейтін қаражат тапшы болған жағдайда Ұлттық банктің зайдарын өтеу үшін алынады.

2005 жылы Қордың резерві 6,8 миллиард теңгеден 8,4 миллиард теңгеге дейін көбейді. Өтем резервінің 2005 жылдың желтоқсан айында азаюы «Наурыз Банк Қазақстан» акционерлік қоғамының салымшыларына кепілдік берілген өтемді агент банк арқылы төлеуге байланысты.

ӨТЕМАҚЫ РЕЗЕРВІ (2001-2005 жж.)
млрд теңге






ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ

2005 жылы Қордың активтері 30%-ға дейін өсті. Бұл өсу қатысушы банктердегі кепілдік берілетін депозиттер базасының көбеюіне және соған сәйкес Қорға төленетін міндettі күнтізбелік жарналар мөлшерінің көбеюіне байланысты.

ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ӨСҮ СЕРПІНІ
млрд теңге



Коммерциялық үйым болмағандықтан Қор активтердің негізгі бөлігін тәуекел жасалмайтын Қазақстан Республикасының, АҚШ-тың және Еуроодақ елдерінің мемлекеттік құнды қағаздарына орналастырады. Қордың активтерін инвестициялық басқаруды сенім білдірілген басқарушы жүзеге асырады. Ол Ұлттық банк болып табылады. Активтің орташа табыстырылғы 2005 жылы 6% болды.



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМ

Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қор кепілдік берілген депозиттер бойынша салымшыларға кепілдік берілген өтем төлейді. Өтем мөлшері депозиттің сыйақы есептелмеген сомасына тең болады, бірақ ол 400 мың теңгеден аспайды.

Қор қатысушы банктер арасында конкурс өткізеді де оның қорытындысы бойынша агент-банк таңдап алынып, ол арқылы халыққа кепілдік берілген өтем төленетін болады.

Қор мен таңдап алынған агент-банк арасындағы келісімге қол қойылғаннан кейін, агент-банкке өтем жасау резервінен қажетті сома аударылады.

Қор халыққа республикалық газеттерге жариялау арқылы кепілдік берілген өтем төлеу тәртібі мен мерзімін хабарлайды.

САЛЫМШЫЛАРҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

2005 жылдың желтоқсан айында Депозиттерге кепілдік беру жүйесінен «Наурыз Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы шығарылды. Банк заңдарын үнемі бұзғаны үшін Қаржы Қадағалау Агенттігі банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны бұл банктен қайтарып алды. Соナン соң соттың шешімімен банк мәжбүрлеп таратылды.

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ-ның 20 мыңға жуық (71%) салымшысы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қамқорлығына алынды, ал кепілдік өтемінің жалпы сомасы 1 миллиардтай теңге болады.

Қор өткізген конкурстың қорытындысы бойынша Қазақстанның барлық аймақтарында бөлімшелері бар отандық аса ірі банктердің бірі «ТұранӘлемБанкі» акционерлік қоғамы таңдап алынды. Агент-банк халыққа кепілдік өтемді 2006 жылдың аяғына дейін төлейтін болады.

Қор қызметкерлері «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясының құрамына қатысады.



ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Қордың Депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы жұртшылықты хабардар ету жөніндегі жұмысы банк таратылған жағдайда кепілдік өтемді төлеу шарттары мен тәртібін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы түсіндіруге бағытталған. Қор қызметінің осынау саласы жұртшылықтың отандық банк жүйесіне сенімін қолдауда маңызды роль атқарады.

Жұртшылыққа хабарлаудың негізгі өдістері:

- депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша республикалық және аймақтық басылымдарда мақалалар, сұхбаттар мен ақпараттық хабарлар жариялау;
- Қор басшылығы мен қызметкерлерінің республикалық радио мен теледидардан интерактивтік хабарларға қатысуы;
- Қор мен қатысушы банктер басшылығының қатысуымен баспасөз конференцияларын ұйымдастыру және өткізу;
- Қор қызметкерлерінің салымшылардың хаттары мен телефон шалуларына жауап беруі;
- кеңес алуға келген азаматтарды қабылдау;
- Қордың қызметі туралы Интернет желісінде хабар жариялау. www.kdif.kz веб-сайтында үш тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) депозиттерге кепілдік беру жөніндегі заңнамалық база, қатысушы банктердің тізілімі, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар мен хабарлар, соңғы жаңалықтар болады. Сондай-ақ сайтта көрі байланыс жүйесі жұмыс істейтін болады.

Республикалық газеттерде міндетті түрде Қордың жылдық қаржы есебі, сондай-ақ қатысушы банктердің тоқсаннның басындағы жағдай бойынша тізілімі жарияланады.

Қор жыл сайын «Шұғыл байланыс» акциясын өткізеді. Бұл акция тікелей Қордың мамандарына Қазақстанның кез-келген аймағынан телефонмен сұрақ беруге мүмкіндік туғызады. Салымшылар арнайы номерді теріп, депозиттерге кепілдік берілгені туралы өздері мүдделі болып отырған сұрақтарға білікті жауап ала алады. Бұл қонырау шалудың ақысын Қор төлейді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

2003 жылдан бері Депозиттерді Сақтандыру Жүйелерінің Халықаралық Ассоциациясының (IADI) мүшесі бола отырып, Қор депозиттерді сақтандыру жөніндегі шетелдік ұйымдармен қызу ынтымақтастық жасап келеді. IADI-ға мүше болу Қорға қаржылық қауіпсіздік жүйесінің, алдын ала ықпал ету және проблемалық қаржы институттарының мәселесін шешу жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесін орнату саласындағы дүние жүзілік тәжірибене жол ашады.

IADI Атқару комитетінің құрамына кіретін Қордың басшылығы IADI-дың жыл сайын өтетін 4 жиналышы мен конференциясына (қыркүйек 2005, Тайвань), сондай-ақ Жапонияның депозиттерге кепілдік беру жөніндегі корпорациясы ұйымдастырған тәжірибе алмасу жөніндегі семинарға (наурыз 2005, Токио) қатысты.

IADI Зерттеу комитеті шеңберінде Қор депозиттерді сақтандыру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі және проблемалық қаржы институттарының мәселесін тиімді шешудің түрлі мәселелері бойынша IADI нұсқауларына/стандарттарына зерттеу жүргізуге қатысады.

Сонымен бірге Қор IADI Аудиторлық комитетінің, сондай-ақ Азиялық және Еуразиялық аймақтық комитеттерінің мүшесі болып табылады.





ҚОРДЫҢ ЕААК ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Бүгін таңда IADI Еуразиялық аймақтық комитетіне Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры, Салымдарды сақтандыру агенттігі (Ресей) және Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры (Украина) кіреді. ЕААК-тың қауымдастырылған мүшелері Тәжікстанның депозиттерге кепілдік беру қоры және Арменияның депозиттерге кепілдік беру қоры болып табылады.

2005 жылы бірқатар шаралар өткізілді. Оларда ЕААК қызметінің ағымдағы мәселелері, комитетке қатысушылар құрамын кеңейту және қызметінің болашағы мәселелері қаралды:

мамыр, 2005	ЕААК ашық мәжілісі (Алматы қаласы, Қазақстан)
қыркүйек, 2005	ЕААК қатысушылардың мәжілісі (Хаолин қаласы, Тайвань)
қараша, 2005	Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры және Салымдарды сақтандыру агенттігі басшыларының кездесуі (Мәскеу қаласы, Ресей)
қараша, 2005	Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры және Әзербайжан Ұлттық Банкі басшыларының кездесуі (Баку қаласы, Әзербайжан)



Бақыт Мәженова (Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының Бас директоры),
Александр Турбанов (Салымдарды сақтандыру агенттігінің Бас директоры),
Андрей Мельников (Салымдарды сақтандыру агенттігінің орынбасары)

Мәскеу (Ресей), қараша 2005 ж.



Бақыт Мәженова (Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының Бас директоры),
Вадим Хубанов (Әзербайжан Ұлттық Банкі Төрагасының орынбасары),
Руфат Асланов (Әзербайжан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшесі)

Баку (Әзербайжан), қараша 2005 ж.



«АЛДЫН АЛА ҮІҚПАЛ ЕТУ ЖҮЙЕСІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

2005 жылғы мамырда Алматыда «Алдын ала үіқпал ету жүйесі: іске асырудың жолдары мен әдістері» деген тақырыпта Халықаралық конференция болып өтті. Оны IADI-дың, Экономикалық мәселелер жөніндегі мемлекеттік секретариаттың (SECO, Швейцария), Еуропаның қайта құру және даму банкінің (EBRD), АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің (USAID) жәрдемімен Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұйымдастырды.



Конференцияға 26 елден: Әзербайжаннан, Армениядан, Грузиядан, Үндістаннан, Иорданиядан, Қазақстаннынан, Канададан, Қыргызстаннан, Малайзиядан, Молдовадан, Монголиядан, Польшадан, Ресейден, АҚШ-тан, Тәжікстаннынан, Тайваньнан, Танзаниядан, Түркиядан, Өзбекстаннынан, Украинадан, Франциядан, Чехиядан, Швейцариядан, Швециядан, Оңтүстік Кореядан, Жапониядан жүзге жуық өкіл қатысты. Олардың арасында IADI, EBRD, USAID, Халықаралық есеп айырысу банкінің, депозиттерді сақтандыру институттарының, Орталық банктердің және қадағалау органдарының, аудиторлық компаниялардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қаржы Қадағалау Агенттігінің және коммерциялық банктерінің өкілдері болды.



Конференцияның ашылу салтанатында Қордың Бас директоры Бақыт Мәженоға, IADI Президенті Жан Пьер Сабурен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Әнүар Сәйденов, Қаржы Қадағалау Агенттігінің Төрағасы Болат Жемішев сөз сөйлемеді.

Конференцияда қаржылық қауіпсіздік жүйесінің негізгі принциптері, осы жүйеге қатысушылардың міндеттері мен өкілеттіктері, сондай-ақ оның тиімді басқарылуы мен жұмыс істеуінің мәселелері қаралды. Қаржылық қауіпсіздік жүйесінің бірегей бөлігі ретінде депозиттерді сақтаңдыруышыға және оның депозиттер бойынша алған міндеттемелерін қорғауға аса назар аударылды. Қаржылық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде алдын ала ықпал ету жүйесін құрудың дүние жүзілік тәжірибесі, Basel II келісімін енгізу тәжірибесі зерттелді, дифференциалдық журналар жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар, проблемалы банктарді тиімді шешу мәселелері және т.б. қаралды.





ҚОРДЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Қордың қызметі бұрынғысынша таңдаулы әлемдік тәжірибелі және IADI нұсқауларын ескере отырып депозиттерге кепілдік беру жүйесін одан әрі жетілдіре түсуге бағытталатын болады.

Қордың алдында екі негізгі міндептің түрі: депозиторларды барынша қорғауды қамтамасыз ету және Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тәуекелдерін бағалау мен басқару.

Бұл міндептерді шешу үшін Қордың жұмысы екінші деңгейдегі банктердің Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысуына және проблемалық банктерді тиімді шешуге, оның ішінде қаржылық жағынан дәрменсіз банктерді таратуға байланысты процедураларды жетілдіру бағытында жүзеге асырылатын болады.

Заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді жасау саласында Қор Қаржы Қадағалау Агенттігімен бірлесе отырып «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндепті кепілдік беру туралы» Заң жобасын жасау үстінде. Мәжбүрлеп таратылатын банктің міндептемелері мен мүліктерінің бір бөлігін бір мезгілде басқа банкке беру (P&A) операцияларын жүргізу мәселелері бойынша құқықтық база жасау жоспарлануда.

Қор депозиттерге міндепті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер үшін міндепті күнтізбелік жарналардың дифференциалдық ставкаларының жүйесін жасауды қолға алуда. Оны 2007 жылдан қолданысқа енгізу жоспарланып отыр.

Проблемалық банктерді тиімді шешуге байланысты озық әдістер мен технологияларды пайдалану мақсатында Қор проблемалық банктердің активтерін бағамдау әдістемесін жасау жобасын өзірлеуде.



2005 жылғы БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

(қазақстандық теңгемен)

АКТИВТЕР	Ескерту №	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің сонында
I. Ұзақ мерзімді активтер			
Материалдық емес активтер		349,067	811,188
Материалдық емес активтерді амортизациялау		98,349	231,868
Материалдық емес активтердің баланстық (калдық) құны	A	250,718	579,320
Негізгі құрал-жабдық		8,729,884	9,445,697
Негізгі құрал-жабдықтың тозуы		2,870,638	4,936,949
Негізгі құрал-жабдықтың баланстық (калдық) құны	B	5,859,246	4,508,748
Аяқталған құрылым			
Ұзақ мерзімді инвестициялар			
Ұзақ мерзімді каржылық инвестициялар	C	5,051,216,731	6,994,357,541
Алданы кезеңдердің ұзақ мерзімді шыныны			
Ұзақ мерзімді активтердің жыныстығы		5,057,326,695	6,999,445,609
II. Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдык запастар, барлығы	D	592,230	524,099
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	E	566,345,897	1,131,166,801
Бюджетке артық төленгенді			
Алдағы кезеңдердің шығыны	E	115,560	516,558
Қысқа мерзімді каржылық инвестициялар	C	2,562,641,421	2,368,176,974
Ақша	F	136,480,023	190,316,284
Ағымдағы активтердің жыныстығы		3,266,175,132	3,690,700,716
БАЛАНС		8,323,501,827	10,690,146,325
МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ			
III. Меншікті капиталы			
Жарғыстық капитал		1,000,000,000	1,000,000,000
Төлеңбекен капитал			
Альянс капитал			
Косымша төлеңбек капитал			
Кайта бағалау саласы (Косымша төлеңбекен капитал)	G		352,286,966
Резервтік капитал	H	10,000,000	10,000,000
Бөлійбекен кіріс (өтмелеген шығын)	I	357,965,352	314,778,747
оның ішіндегі:			
есепті жылдағысы			314,778,747
Меншікті капиталдың жыныстығы		1,367,965,352	1,677,065,713
IV. Кепілдік беру резерві			
Салындар бойынша өтеге арналған резерв	J	6,799,273,990	8,382,356,700
Кепілдік беру резервінің жыныстығы			
V. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер мен займдар			
Мерзімді ұзартылған корпоративтік табыс салығы	K	50,634	0
Ұзақ мерзімді несиелік берешек			
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жыныстығы		50,634	0
VI. Ағымдағы міндеттемелер			
Қысқа мерзімді займдар мен овердрафт			
Ұзақ мерзімді займдардың ағымдағы болті			
Қысқа мерзімді несиелік берешек	L	156,211,850	630,723,912
Бюджеттен есеп айрысу			
Енпілес (таусуд) үйімдар мен бірлескен-бакыланатын заңды тұлғаларға несиелік берешек			
Алдағы кезеңдердің кірісі			
Озге де несиелік берешек және есептеулер			
Ағымдағы міндеттемелердің жыныстығы		156,211,850	630,723,912
БАЛАНС		8,323,501,827	10,690,146,325



**2005 жылғы
КІРІС ПЕН ШЫҒЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(қазақстандық теңгемен)

Көрсеткіштердің атасы	Ескерту №	
Дайын өнімді (тауар, жұмыс, қызмет) сатудан түсекен кіріс		
Сатылған дайын өнімнің (тауар, жұмыс, қызмет) өзіндік күны		
Жалпы кіріс		
Кезеңдік шығыны, барлығы	M	93,624,780
онын ішінде:		
- салуға жұмсалған шығын		93,551,007
- жалпы және екімшілік шығын		73,774
- сыйақты телсүттегі жұмсалған шығын		-93,624,780
Негізгі қызмет табысы (шығысы)	N	408,188,998
Жәй қызметтөн салық салынғанға дейінгі табыс (шығыс)		314,564,218
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығын	O	-214,529
Жәй қызметтөн салық салынғашан кейінгі табыс (шығыс)		314,778,747
Төтеншіс жағдайлардан табыс (шығыс)		
Таза табыс (шығыс)		314,778,747



2005 жылғы КІРІС ПЕН ШЫҒЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

(қазақстандық тәнгемен)

Көрсеткіштердің атауы	
I. Операциялық қызметтөн түсестін ақша қозғалысы	
1. Барлық түскепі,	2,664,490
оның ішінде:	
дайын енімлі (тауар, жұмыс, қызмет) өткізу	
алынған аванстар	
сыйакы	
дивидендер	
роялти	
баскалары	2,664,490
2. Барлық шығарылғаны,	1,063,684,501
оның ішінде:	
өнім беруушілер мен мерлігерлерге толемдер	33,867,393
берілген аванстар	980,309,013
жалақы бойынша толемдер	29,589,425
жинактауды зейнестақы қорына толемдер	3,599,277
бюджетпен есеп айрысу	8,782,662
баска толемдер	7,536,731
3. Операциялық қызмет нәтижесі	-1,061,020,011
II. Инвестициялық қызметтөн түсестін ақша қозғалысы	
1. Барлық түскен ақша,	29,339,190,025
оның ішінде:	
материалдық емес активтерді өткізу	
негізгі құрал-жабдықтарды өткізу	
баска ұзак мерзімді активтерді өткізу	
қаржылық активтерді өткізу	29,339,190,025
берілген зайдарды өткізу	
баскалары	
2. Барлық шығарылған ақша,	30,419,497,298
оның ішінде:	
материалдық емес активтерді алу	462,121
негізгі құрал-жабдықтарды алу	710,114
баска ұзак мерзімді активтерді алу	
қаржылық активтерді алу	30,418,325,064
зайдар бару	
баска толемдер	
3. Инвестициялық қызмет нәтижесі	-1,080,307,273
III. Қаржылық қызметтөн түсестін ақша қозғалысы	
1. Барлық түскен ақпа,	2,195,163,545
оның ішінде:	
акциялар мен баска құнды қағаздар эмиссиясы	
зайдар алу	
қарыланырылатын зайдар бойынша сыйакы алу	
баскалары	2,195,163,545
2. Барлық шығарылғаны,	
оның ішінде:	
зайдарды өтсу	
өз акцияларын алу	
дивидендер толеу	
баскалары	
3. Қаржылық қызмет нәтижесі	+2,195,163,545
Жиынтығы: ақшаның көбесі (+) және азауы (-)	+53,836,260
Есепті кезеңшің база кезеңдерінде ақша	136,480,024
Есепті кезеңшің аяқ кезеңдерінде ақша	190,316,284